

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025-ж. 02 қыркүйек № 04

**2025-2026 оқу жылының басталу
және аяқталу, мерзімдерін, сондай-ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 174 бұйрығы, Ақмола облысы білім басқармасының 2025 жылғы 11 тамыздағы №330 бұйрығы, Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің 19.08.2025 ж. № 280 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының, ұзақтығы мен демалыс кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

2025-2026 оқу жылының басталуы-2025 жылғы 1 қыркүйек және 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда ;

1-11 сыныптардағы оқу жылындағы тоқсандар мен демалыстардың ұзақтығы; 2025 жылдың 1 тоқсаны - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс -7 күнтізбелік күн (2025| жылдың 27 қазанынан 02 қарашасын қоса алғанда);

2 тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - 10 күнтізбелік күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3 тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-11 күнтізбелік күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда);

4 тоқсан -8 оқу аптасы

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) 9 (10) сынып оқушыларының қорытынды емтихандары 2026 жылғы 29 мамыр мен 11 маусым аралығында өткізілсін;

2) 11 (12) Оқушылардың қорытынды емтихандары 2026 жылғы 02-15 маусым аралығында өткізілсін;

3) қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

- 1) Математика (Алгебра) бойынша жазбаша емтихан (тест) – 2026 жылғы 29 мамыр;
- 2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарих, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 03 маусым 2026 жыл;
- 3) эссе түріндегі қазақ/орыс тілінен жазбаша емтихан (оқыту тілі) – жазбаша жұмыс (әңгіме, эссе) - 2026 жылғы 08 маусым;
- 4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2026 жылғы 11 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2026 жылғы 02 маусым;
- 2) алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 05 маусым;
- 3) қазақ тілі/Орыс тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі) – 2026 жылғы 09 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2026 жылғы 12 маусым
- 5) қазақ тілі мен әдебиеті бойынша орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан-2026 жылғы 15 маусым;

2. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитариялық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымы айқындайтын мерзімдерде жүргізіледі.

3. Басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Ә.М. Әбілхайыр ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2025-2026 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін (мемлекеттік тіркеуде № 5191 болып тіркелген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі);

4. Басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Ә.М. Әбілхайыр 2025-2026 оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды қамтамасыз етсін;

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Ә.М. Әбілхайырға жүктелсін.

Басшы



А. Капизина

Бұйрықпен таныстым:

Әбілхайыр Ә.М. 02.09.25